

**«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің негізгі жалпы білім беретін №14
мектебі» ММ**

**Жазғы демалыс уақытында өткізілген «Тілашар» атты қазақ тілі үйірмесінің
есебі**

**Мұғалім: Бекенова А.С.
Қатысқандар: 6 «А» сынып оқушылары
Өткізу мерзімі: 3-14 маусым аралығы**

2018-2019 оқу жылы

Жазғы демалыс уақытында өткізілген «Тілашар» атты қазақ тілі үйірмесінің есебі

Жазғы демалыс уақытында балаларға қазақ тілін оқытқызу, бар білімдерін жетілдіру, бекіту үшін арналған «Тілашар» үйірмесі жоспарға сәйкес жұмысын жүргізді.

Мектепте 3-14 маусым аралығында келесі іс-шаралар өткізілді:

03.06.19 күні 6-сынып оқушылары арасында «Мемлекеттік рәміздер» іс-шарасы өткізілді. Оқушылар сайысқа қызығушылықтарымен қатысып, тілге деген сүйіспеншіліктері оялды. Сайыс жеті кезеңнен тұрды. Әр кезеңге оқушылар белсенді қатысып отырды. «Қыран» және «Тұлпар» топтары ұпай жинады. Мұғалімнің алға қойылған мақсаты орындалып, жоспарлаған іс-шара ойдағыдай өтті, оқушылардың көңілдерінен шықты.

05.06.19 күні «Ғажайыптар алаңы» интеллектуалдық сайысы өткізілді. Сайыс бес кезеңдерден тұрып, өте қызықты өтті. Ойында қойылған сұрақтар мазмұнды және бағдарламаға сай болды. Топ оқушылары ойын барысында белсенділік танытты. Сұрақтар интерактивті тақтада көрсетіліп, жауаптары беріліп отырды. Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне және оқу бағдарламасына байланысты құралған. Іс-шара барысында оқушылар тапқырлықтарын, қызығушылықтарын, белсенділіктерін танытты. Іс-шара өте жоғары деңгейде өтілді.

07.06.19 күні қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеру мақсатымен «Білімділер» атты интеллектуалдық сайыс өткізді.

Өткізілген іс-шара 3 кезеңнен құрастырылды. Әрбір сайыста оқушылар берілген тапсырмаларға нақты жауаптарын беріп, білімдерін көрсете білді. Дұрыс жауаптарына ұпайлар жинап, жеңімпаздар анықталды. Сайыстың алғы шарттарының бірі – топты таныстыру барысында оқушылардың тапсырмаларды шешу қабілеттері көпті сүйсіндірді. Сайыста екі топ қазақ тілі мен әдебиетінен жан-жақты білім деңгейлерін көрсете білді.

10.06.19 күні : «Алтын қақпа» атты ойын өткізілді. Іс-шарада тіл мәртебесіне көңіл бөлініп, оның тілдік қолданысы мен құндылығына баса назар аударылды.

Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдаланып оқушылардың іс-шараға қызығушылығын арттыра білді.

12.06.19 күні оқушылардың үш тілді қатар меңгеруге, ізденуге дағдыландыру, сөздік қорын молайту, көпшілік алдында көп сөйлеуге өз пікірін жеткізе білуге ынталандыру, ойын барысында оқушылардың ауызша ой-өрісін дамыту, туған тілін сүйуге, қадірлеуге, мақтан етуге тәрбиелеу мақсатымен "Тіл үйрену-өнер" атты сайысы өткізілді. Сайыс барысында оқушылар белсене, топпен жұмысты жасай отырып, үйірмеге деген қызығушылықтары артты. Үйірмеде балалар берілген дыбыстарға дыбыстық мінездеме бере отырып, қосымша деректер алып отырды. Топпен жұмыс жасай отырып, оқушылар еркін сөйлеп, өз ойларын еркін жеткізе білді.

14.06.19 күні «Сөз-мерген»деген тақырыппен көңілді тапқырлар сайысы өткізілді. Байқау шарты бойынша оқушылар бірінші кезекте өздерін таныстырып, сөздердің қазақша аудармаларын айту, мақал-мәтелдердің жалғасын табу, адасқан сөздерден сөйлем құрау, берілген тақырып бойынша 1 минут ішінде ең көп сөз айту, өз өнерлерін көрсету,яғни қазақ ақын-жазушыларының өлеңдерін жатқа оқу сияқты тапсырмаларды орындады.

Үйірменің бекітілген жұмыс жоспарындағы барлық іс-шаралар мазмұнды, мағыналы , сапалы өткізілді.Бірақ кейбір оқушылар денсаулықтарына байланысты үйірмеге қатыса алмады.



Үйірме өткізген мұғалім: Бекенова Айзада Сайлаубайқызы,қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі